Іскерлік ойын:
«Арт-терапия элементтерінің адам денсаулығына пайдасы»

«Адам мақсатына өзін-өзі жетілдіру арқылы жетеді
және адамның басына қонған бақтың тұрақты болуы
жақсы мінез- құлыққа байланысты»
Әл- Фараби

Мақсаты:
• Қатысушыларға Арт-терапия туралы ұғым беру, маңыздылығын ашу.
• Арт-терапияның түрлерімен таныстыру, тиімділерін тәжірибеде пайдалану.
• Арт-терапияның түрлеріне арналған ойындармен танысу.
• Қатысушылардың достық қарым-қатынасын, ұжыммен жұмыс жасауды арттыру.

Қолданылатын әдіс-тәсілдер:
•Шығармашылық тапсырмалар.
•Дамытушы ойындар.
•Пікір алмасу.

Құрал-жабдықтар: маркер, ақ парақ қағаздар, қалам, қарындаш, краска-бояулар, кубиктер, шарлар, доп.

1. Амандасу рәсімі. «Балалық шаққа саяхат».
- Сәлеметсіздер ме, құрметті тәрбиешілер, педагогтар! Мен сіздерді әдеттегідей тағатсыздана күтіп, сіздермен кездескенім үшін қуаныштымын. Сіздерді ортаға шеңберге тұруға шақырамын. Шеңбер бойына тұрады, жүргізуші шеңберде нұсқау береді: «Қазір бір сәтке балалық шағымызға саяхат жасаймыз. Сіздерді жақын туыстарыңыз бала кездеріңізде еркелетіп қалай атады, соны есімізге түсірейік. Мысалы, мені апам кішкентай кезімде «құлыным» деп атаған. Ал сізді ше?», деп допты келесі адамға береді. Ойын ары қарай жалғасады. Қаншама әдемі аттарды естідік, тамаша!

2. Топқа бөлу. Шеңбер бойында тұрған қатысушыларға берілген түрлі-түсті қағаздардан көңіл-күйіне қарай түс суыру ұсынылады. Жасыл түсті таңдағандарды – бүгінгі кездесуде сәттілік тосып тұр. Сары түс таңдағандар – белсенділік танытады. Көк түс – табандылықпен көзге түседі.

3. Шығармашылық тапсырма: Арт-терапия туралы әр топтың өзіндік ассоцациясы. Әр топқа ассоцация картасы беріледі. Берілген уақыт 2 минут. Әр топтан бір адам шығып топтың жұмысын қорғайды.

АРТ-ТЕРАПИЯ туралы түсінік. Психотерапияның маңызды салаларының бірі қазіргі таңда арт-терапия болып табылады. Арт-терапия даму үстіндегі психотерапиялық әдістердің жаңа түрі болып табылады. Аталған терапияның

түрі қазіргі таңда үлкен жетістіктерге ие. Алғашқы Арт-терапия түсінігі енгізілген кезде оны тек сырқат, ауру, немесе демалыс үйіндегі емделушілерге ғана қолданған болса, қазіргі кезде оның қолданыс аясы, шеңбері кеңеюде. Яғни, бұл терапия адамның шығармашылық жағдайын дамытып қана қоймай, адамның бойындағы қасиеттердің мүмкіндігін түсініп ашуға да жағдай жасайды.
Арт терапия- бұл емдеу ғана емес, сонымен креативтің дамуы, тұлғаның дамуы мен үйлесімділігі, кез-келген жағдайды шешуге көмек.
Арт терапия бейнелік өнер арқылы жанның дамуы мен емдеудің табиғи және қолайлы әдісі. Арт-терапия терминин ғылымға 1938 жылы Адриан Хилл енгізді. Арт-терапия ағылшын тілінен аударғанда шығармашылық терапия деген ұғымды білдіреді.
Артерапия шектеусіз және психотерапияның барлық бағыттарында, педагогикада, әлеуметтік жұмыста т.б. қолданылады.Әр адам өзін, өз сезімін және өзінің жағдайын әуен, дыбыс, қимыл және сурет арқылы көрсете алады. Кейбір адамдар үшін бұл- әлемге өзі туралы өзінің шығармашыл адам екенін танытудың жалғыз ғана әдісі болып табылады. Қажет ететіндерге мұндай мүмкіндікті беру- арттерапияның ерекшелігі.

4. Көңілді шимайлар
Әр топ ақ қағазға түрлі-түсті бояуларды шашырату арқылы шимайлар салады. Сәл кепкен соң бұл шимайлар топ арасында алмастырылады. Әр топтың мақсаты сол шимайлардан суретті аяқтап, сюжетті бейне құрастыру.
Қиын болды ма?
Топпен шимайдан сурет ойластырған ұнады ма?
Нәтижеге ойдағыдай ма?

5. «Майшаммен сурет»
Әр топқа белгілі бір тақырып бойынша сурет салу ұсынылады. Тақырып қағазда жазылып, әр топқа жеке беріледі. Ерекшелігі сурет майшаммен салынады. Жұмыс аяқталған соң суреттер алмастырылады. Майшаммен салынған суреттің бетінен қылқаламмен бояу жағылады. Соңында тақырып бойынша салынған сурет айқындалды ма, жоқ па баға беріледі.
Майшаммен сурет салу қиын болды ма, ұнады ма, жоқ па?
Бұрын мұндай техникамен салып көрдіңіз бе?
Балаларға салғызуға болады ма?
Нәтиже көңіліңізден шықты ма?
Қандай әсер алдыңыз?

6. «Сиқырлы бәліш»
Мен бәлішке арналған екі жұмсақ нан әзірлеймін (корж). Яғни болашақ ертегінің бірінші және соңғы сөйлемдерін оқимын. Бұл ешқандай ақылға сыймайтын сөйлемдер болуы мүмкін. Сіздердің міндеттерің осы «күлкіл» ертегінің ортасын ойдан шығару, яғни бәліштің салымын(начинка) әзірлеу.
1 топ

Бірінші корж: «Сәрсенбі күні кешке жол бойында аяғында бір шаңғысы бар қызық адам келе жатты»
Екінші корж: «Бұл тамыз айы болатын»

2 топ
Бірінші корж: «Салима апа терезеден қарады»
Екінші корж: «Жатпланеталықтар ұшып келген ұшатын тарелка тұрған аулада раушан гүлдері өсіп тұрды »

3 топ
Бірінші корж: «Көшеде жүк көлігі кетіп бара жатты»
Екінші корж: «Аяз Атаға жасыл сақал өсіп шықты»

Бұл жаттығудан қандай эмациялар алдыңыз?

7. «Мақсат картасы»
Коллаж әдісі арқылы топтық мақсат жасау. Яғни әртүрлі журнал, сурет, т.б.-дан қиындылар қиып алып, ұжымдық мақсаттарын ойластырып, жапсырады. Топтық жұмыс бағаланады. Картада болашаққа бағдар, мақсат, жолдағы кедергілер, маршрут, сезімдер, т.б. көрсетуге болады.

8. Қорытынды жаттығу «Бес жылы сөз»
Әр қатысушы ақ қағазға алағанының суретін бастырады. Ортасына өз есімін жазады. Сосын суретін оң жақтағы көршісіне береді. Ал сол жақтағы көршісінен алады. Алған суреттің бір саусағына сурет иесінің сізге ұнайтын бір сапасын жазасыз. Сөйтіп өз суретіңіз өзіңізге айналып келгенше жаза бересіз. Соңында «комплименттермен» танысасыз.
Сіз қандай сезімде болдыңыз?
Сіз туралы жазған сапалар туралы сіз білдіңіз бе?

Қорытынды: Бұл жаттығуларды балалармен жұмыста қолдануға әбден болады. Өйткені арттерапияның балға берері мол.

«Балаға берілетін білім оның көзіне көрінетіндей, құлағына естілетіндей және қолына ұстайтындай болуы керек, яғни бала білімді өзінің сезім мүшелерімен терең сезінуі керек,сезімге әсер еткен білім ғана балада жеңіл қабылданып, ұзақ есінде сақталады» - деген психолог П.Я. Гальпериннің сөзімен аяқтаймын.